

Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26 наурыздағы № 70-қ "2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 шілдедегі № 192-қ қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 шілдеде № 4260 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес, Мұнайлы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26 наурыздағы № 70-қ қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4157 болып тіркелген, 2020 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мұнайлы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Е.Овезов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпараттық құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Біләловке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұнайлы ауданының әкімі

Р. Елтизаров

Мұнайлы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 20 шілдесі
№ 192-қ қаулысына қосымша
Мұнайлы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 26 наурыздағы
№ 70-қ қаулысына қосымша

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
|--|--|--|--|

| Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы топтар | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілер саны (жеке, мемлекеттік) | | | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығындардың орташа құны (жеке, мемлекеттік), теңге | | | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақысының мөлшері (жеке, мемлекеттік), теңге | | |
|--|--|--|---------------------------------------|---|--|---------------------------------------|--|--|---------------------------------------|
| | Балабақша (мемлекеттік) | Мектепке дейінгі шағын орталық (мемлекеттік) | Мектепке дейінгі шағын орталық (жеке) | Балабақша (мемлекеттік) | Мектепке дейінгі шағын орталық (мемлекеттік) | Мектепке дейінгі шағын орталық (жеке) | Балабақша (мемлекеттік) | Мектепке дейінгі шағын орталық (мемлекеттік) | Мектепке дейінгі шағын орталық (жеке) |
| 1-ден 3-ке дейінгі топтар | | 66 | 3 064 | | 31 116 | 31 810 | | 13 644 | 13 644 |
| 4-тен 5-ке дейінгі топтар | 100 | | 1 230 | 31 810 | | 31 810 | 13 644 | | 13 644 |
| 6-дан 7-ге дейінгі топтар | 150 | | 1 070 | 31 810 | | 31 810 | 13 644 | | 13 644 |
| 8-ден 9-ға дейінгі топтар | 190 | | 200 | 31 810 | | 31 810 | 13 644 | | 13 644 |
| 10-нан және одан да көп топтар | 1 930 | | | 31 810 | | | 13 644 | | |
| Барлығы: | 2 370 | 66 | 5 564 | - | - | - | - | - | - |